
ЖАҒАНДАНУ, ЖАҒАНДАСУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ

Г.С. Симұқанова

Зерттеушілердің басым көпшілігі жаһандану мен жаһандасуды ажырата алмай жатады. Біз олардың ара жігін ажырататындар жағындамыз. Бұндай ғалымдардың қатарына осы айырмашылықтарды тұңғыш рет ажыратқан А.С.Панаринді жатқыза аламыз. *Жаһандану* - адамзат тарихының біртұтас әлемдік тарихқа айналуының объективті бағыты. Бұл тарих, бір-бірімен бейбіт те, жауласқан да қарым-қатынастарда болған, бірінен бірі бөлектенген адамдар қауымдастығының болуынан бастау алады. Осы қоғамдар әр түрлі себептермен пайда болып, түрлі себептерге байланысты - жойылып та кетіп отырды. Көпшілігі өзгелерінің бар екенінен мүлдем бейхабар бола отырып өмір сүрді. Алайда, біртіндеп, көптеген мың жылдықтар ішінде осы қауымдастықтар жақындасып, олардың арасында қарым-қатынастар орнап, экономикалық және мәдени алмасу жүрді. Тарих біртіндеп әлемдік тарихқа айналды, техникалық жетістіктер немесе, ғылыми жаңалықтар аймақтық фактілер ғана емес, жалпылама мәні мен ортақ мағынасы бар фактілерге негізделген. Адамдардың әрқилы болғанына қарамайтын олардың ортақ тарихына айнала берді. Міне осы процесс, аймақтық қауымдастықтардың аймақтық тарихтары адамзаттың біртұтас дүниежүзілік, жаһандық тарихқа айналу процесі жаһандану процесі болып табылады.

XIX ғ. екінші жартысында К.Маркс: «дүние жүзі тарихы барлық уақытта болған жоқ; *тарих* - дүние жүзі тарихы ретінде - нәтиже» /1/, - деп жазды. Ол тарихтың дүниежүзілік, жаһандық тарихқа айналуының негізгі факторы деп, Батыс елдерінде қалыптасқан, отарлық жаулау соғыстары мен оның құрған әлемдік нарығының әрекетінің нәтижесіндегі капитализмді санады, және бұл дұрыс та. Ал, Т. Фридман болса, жаһандану капитализмнің Батыс Еуропада пайда болуына дейін-ақ басталған деген пікірді ұстанып, оның үш кезеңін бөліп қарастырады. Оның-түсіндіруінше бірінші кезең 1492 жылдан шамамен 1800 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Ол Х.Колумбтың Үндістанды Батыстан іздеуге бағыт алған саяхатынан, сөйтіп кейін Америка деген атауға ие болған құрлықтың ашылуынан басталады. Аталмыш кезеңді Т.Фридман «**1.0. Жаһандану**» деп атайды.

Екінші кезең, «**2.0. Жаһандану**» аталмыш авторға сүйенсек, 1800 жылдан 2000 жылға дейін созылған. Адамзаттың көз алдында әлем орташалықтан кішкентайға айналады. Ал, 2000 жылдан жаһанданудың үшінші кезеңі «**3.0. Жаһандану**» басталды. Автор «**3.0. Жаһандану**» дүниені барынша тарылтады: әлем шағын болудан қалып, мүлдем кішкентай болады, сонымен қатар ол әлемдік ойын алаңын тегістейді. Егер «**1.0. Жаһанданудың**» қозғаушы күші елдер, «**2.0. Жаһанданудың**» күші - компаниялар болса, «**3.0. Жаһанданудың**» қозғаушы күші, және қайталанбас ерекшелігі - қазір әрбір *жеке тұлғаға* да қол жетімді болып табылатын жаһандық әріптестік пен бәсекеге арналған потенциалдың қалыптасуында» /2/. Т. Фридманның айтуынша дүние мүлдем кішкентай ғана болып қоймай, ол дөңгелек болудан қалып, тегіс, жалпақ түрге енді. Ал «үлкен дүние», «орташа дүние», «шағын

дүние», «тегіс дүние» атаулары – метафоралар, теңеулер ғана. Бірақ, олар құр теңеулер емес. Бұнда алғашқы үшеуінің мағынасы түсінікті, ал соңғысы толықтай түсініксіз болуы мүмкін. Бірақ оны кейінірек түсіндіре кетермін.

Сонымен жаһандану (*бұл атаудың XX ғасырдың 60-жж. пайда болғанын айта кеткен жөн*), К. Маркстің сөзімен айтар болсақ, «табиғи-тарихи процесс», яғни тарамдалған адамдар қауымдастықтарының және олардың мәдениеттерінің біртұтастыққа біріктірудің объективті процесі. Аталмыш процесті ешкім саналы және мақсатты түрде реттемейтіні ерекше маңызға ие. Бұл адамзат тарихының шеңберіндегі бүкіләлемдік тартылыс заңының өзінше бір баламасы. Бұл стихиялық, сол себепті түзу сызық бойымен дамымайтын, көптеген бұралаң жолдардың, жүзеге асырылмаған мүмкіндіктердің, кері кеткен қозғалыстардың, орны толмаған жоғалтулардың және басқаларының процесі. *Жаһандасу* мәселесіне келер болсақ, ол мүлдем басқа мәселе. Бұл енді стихиялық емес, бағытталатын және реттелетін тарихи процесс. Басқаша айтқанда, бұл - *реттелетін жаһандану*. Жаһандасу доктринасы XX ғ. 70-80 жж. қалыптасты. Бұл доктрина біздің планетамызда жана әлемдік тәртіпті орнатты, ол кейіннен «бір полярлы дүние» деген атқа ие болды. А.А. Хамидов 2005 жылы: «Бүгінгі әлемдік тәртіп - бұл әлемдік-тарихи процесті жалғыз орталықтан бір жақты тәртіппен және *осы Орталықтың мүдделерінде* реттеу мен жоспарлау» /3/, - деп жазды. Қазіргі жағдайларда бұл сөздерге түзету енгізген жөн. Бірақ ол жайында да кейінірек.

Ал қазір жаһандасу доктринасының пайда болу себептері мен оған негізделетін практикаға тоқтала кетелік. Оның пайда болуына XX ғ. 70 жж. тұжырымдалған «*Өсу шектері*» теориясы себеп болды. Ол теорияға байланысты (*оның авторларының Дж. Форрестер, Д. Медоуз және басқалары*), Жер шарының табиғи ресурстары шектеулі, егер қазіргі өндірістік, демографиялық теріс экологиялық және басқа да ағымдар сақтала беретін болса, онда ХХІ ғ. бірінші жартысында ғаламдық апатқа ұшырауымыз мүмкін. Осыдан келіп шығатыны, АҚШ басшылық ететін жетекші капиталистік елдер жаһандасу доктринасын жасап шығарды, оған сәйкес, біздің ғаламшарымыздағы өмірлік маңызы бар ресурстар халықтың тек бір миллиардына ғана жетеді, ол миллиард «*алтын миллиард*» деп аталады. Бұған сәйкес «*алтын миллиард*» құрамына енетін мемлекеттеріміз деп жариялаған мемлекеттер, өздерінше әлемдік тәртіптің трансформациясының стратегиясы мен тактикасын жүзеге асыруға бетбұрыстар жасалды. Бұл мақсатты бағытталған трансформация «қырғи қабақ соғыс» аяқталғаннан кейін белсенді түрде жүзеге асырыла бастады, нәтижесінде Кеңес Одағы ыдырады. Қайта құрылымдалған әлемдік тәртіп «*бір полярлы дүние*» деген атқа ие болды. Оның орталығына АҚШ орналасты.

Жаһандасу саясатының негізгі мақсаты - ғаламшарда таусылып келе жатқан табиғи ресурстарды өзіне барынша жедел иемдену болып табылады. А.С. Панарин атап көрсеткендей, «жаһандасу жаһандық (*ғаламшарлық*) ресурстарды адамзаттың өзге өкілдерін бұл байлыққа лайықты емес деп санайтын ашкөз «*таңдаулы*» азшылықтың иемденуінен ары ешқайда бара алмайды.

Азшылықтың тар эгоистік- мүдделеріне арналған жаһандық ресурстар - міне «жаһандасудың нағыз кредосы...» /4/. Бұл ресурстар жаһандану док-

тринасына сай «алтын миллиардтың» гүлденуіне арналған». Алайда, олар көп жағдайда, «таңдаулылар» қатарына кірмейтін мемлекеттердің территорияларында шоғырланған. Сол себепті де жаһандасу саясаты бірінші кезекте, бұл - *геосаясат*. «Алтын миллиардтың» дүниежүзілік үстемдікке, оны әлемге бөлінбейтін билік етуі, осы геосаяси проблемаларды шешуді талап етеді. Аталып өтілгеннен жаһандасу саясаты жаһанданудың табиғи-тарихи процесін күштеп түзету екенін ұғынамыз. Бірақ қазіргі таңдағы ахуал дәл осындай ма? Жоғарыда мысал келтірілген А.С.Панариннің монографиясы 2000 жылы, ал А.А. Хамидовтың мақаласы - 2005 жылы жарық көрді. Бұл аралықта әлемдік тәртіп жүйесінде айтарлықтай өзгерістер болып өтті. Жаһандасу саясаты мен АҚШ-тың үстемдік етуіне қарсы салмақ болып табылатын өзге де орталықтар (*мәселен Қытай, ішінара Ресей*) да пайда болды (*Бұл туралы қараңыз: /5/*) Алайда АҚШ пен оның одақтастарының қуаты әлі де зор, сондықтан көп полярлы дүниенің пайда болуы жайында айтуға әлі ертерек. Тіпті 2009 жылы туып, әлі күнге дейін созылып жатқан әлемдік қаржы дағдарысы да осы қуатты аздап қана қозғалысқа келтірді.

Енді, жаһандану мен жаһандасу ұлттық мәдениетке қалай әсер ететінін қарастыралық. Ең алдымен, барлық ұлттық мәдениеттердің өзінің құрылымымен біртекті екендігін атап өткен жөн. Бұл ұлттық мәдениеттегі этникалық және тікелей ұлттық мазмұндардың арақатынасы. Әдебиетте этнос пен ұлттың бірқатар тұжырымдамалары бар. Біз бұл мақаланың шеңберінде осы тұжырымдамаларды талдауды қарастырмаймыз. Олардың ішінен тек Ю.М.Бородай ұсынғанын ғана қабылдай аламыз. Оның айтуынша, «локалды шектелген этностардан ұлттың басты айырмашылығы, оның бастапқылығында, табиғаты бойынша полиэтникалығында, дәлірек айтқанда, этникалықтан жоғары тұруында» /6/. Ұлт бірнеше этностардың, оларға келіп тірелмейтін саналы өзге бір тұрақтылыққа бірігуінен қалыптасады: «ұлт - бұл екі түрлі бастаудың: стихиялы түрде пайда болған этникалық қауымдастықтар мен күштелген мемлекеттік-құқықтық тәртіптіліктің синтезі» /7/. Күшті ұлттық-мемлекеттік бірлестіктер Батыс Еуропада Жаңа заманда қалыптаса бастады.

Аталмыш тұрғыдан, ғаламшардағы көптеген мемлекеттік түзілімдер әлі де толықтай ұлттық мемлекет болып табылмайтынын, тек олардың қалыптасуының әр қилы кезеңдерін (*ұлттар мен ұлттық мемлекеттер*) көре аламыз. Оларды *этно-ұлттар* деп атайды. Мұндай түзілімдерде бірнеше этностар өмір сүріп, олардың біреулері (*титұлды деп аталатыны*) өзгелеріне қарағанда артықшылықты жағдайда бола алады. Мұндай түзілім неғұрлым ерте даму сатысында болған сайын, ондағы ішкі тұтастық аз бола түседі, осыған қарамастан ол мүмкін болатын сыртқы қауіптер алдында тұрақсыз да. Керісінше, ұлт өз қалыптасуының жоғары сатысында болған сайын, онда соғұрлым жоғары дәрежеде ішкі бірлік көрініс тауып, соғұрлым сыртқы теріс әсерлерге тұрақты қарсылық көрсете алады. Егер, ерте кезеңде ұлттық сана өте әлсіз көрініп, әр түрлі этникалық саналардың бірге өмір сүріп, әрекеттесуінен (*оң да, теріс те*) көрініс тапса, қалыптасып болған ұлт сатысында, қалыптасып болған ұлттың этникалық өзіндік саналары біртұтас ұлттық санаға синтезделеді.

Бұл мәдениет жөнінен де дұрысқа шығарылады. Нақты ұлтты қалыптастыруға қатыса алатын әрбір этнос, өзге этностардың мәдениеттерінен өзінің белгілі

бір аспектілерінде ерекшеленетін өзінің этникалық мәдениетіне ие болады. Әрине, мәдениеттердің бір-бірінен даму деңгейі бойынша айырмашылықтары бар. Өз дамуының бастапқы кезеңдерінде олар синкреттілі, оларда дамыған мәдениеттер сипатталатын негізгі салалар бөлініп қарастырылмайды. Дегенмен де, барлық мәдениеттерге ортақ мәдени универсалиялар болады. Бұл жиынтық өз құрамы бойынша бай да, жұтаң да болуы мүмкін. Дей тұрғанмен, олардың мәдениетті мәдениет ететіндей шамасы болғаны жөн. Осы универсалиялар дамыған да, қарапайым да болуы мүмкін. Мұнан басқа олар өздерінде этникалық немесе ұлттық анықталу мөріні ала жүреді. Біздің ойымызға ең қолайлысы Т.И. Ойзерманның көзқарасы болып табылады. Бұл тұжырымға сәйкес, мәдени универсалиялар «жалпылама ұғымдар мен категориялар емес, құбылыстың мәдениетін құрайтын ерекше нәрселер. Мәселен, еңбек құралдары, үй бұйымдары, тілдесу формалары, адамгершілік нормалар, көркем құндылықтар, дүниеге тарихи анықталған көзқарастар және т.б.» /8/. Түрліше мәдениеттердің де, мәдени универсалиялардың да объективті негізі - кез-келген мәдениетті жаратушы - адамның өзі, оның мәні ғаламшардың барлық аймақтары мен тарихи кезеңнің барлық сатыларында біртұтас.

Салыстырмалы локалды этностардың мәдениеті этникалық; этно-ұлттық құрылымдарда барлық этностарға ортақ мәдениеттермен қатар белгілі бір формада этникалық мәдениет те қатар көрінеді; толықтай қалыптасып болған ұлттың мәдениеті де ұлттық сипатқа ие. Бұл мәдениеттің түрлері модернизацияға, жаһандану мен жаһандасуға қалай ықпал етеді?

«Модернизация» сөзі латынның *modernus* «жаңа, қазіргі заманғы» деген мағына береді. Демек модернизация сөзі «қазіргіше замандану» деген мағына береді. Мәселе тек не нәрсені қазіргі заманғы деп атау қажеттілігінде. Әлеуметтік философия мен саясаттануда оны дәстүрлі қоғамдардың батыстық капитализм жолына түсуі ретінде қарастырады. Үлгі ретінде Батыс алынады, себебі, Батыс дәстүрлі қоғамнан батыстық капитализмге бірнеше жылдар бұрын өткен. «Модернизация, - деп атап көрсетеді өркениеттер қақтығысы теориясының авторы С.П. Хантингтон, - өзіне индустриялануды, урбандалуды, артып келе жатқан сауаттылықты, білімділікті, қолайлы ахуалды және әлеуметтік қамқорлықты, сондай-ақ күрделі және көп жақты құрылымдарды қамтиды. Бұл - он сегізінші ғасырда басталып, адамдарға ортаны басқарып, өз ортасын теңдесі жоқ көлемде қалыптастыруға мүмкіндік беретін ғылыми және инженерлік білімдердің өнімі. Модернизация - тек қарапайымнан күрделілікке өту кезеңімен ғана салыстыруға болатын революциялық процесс...» /9/, осылайша түсінілетін модернизацияның басты сәті - *индустриалану*. Индустрияландыру ғылымға, техникаға, технологияларға қызығушылықты тудырып, индустрияландыруды қарқындалуды және дәстүрлі отбасын нуклеарлы отбасына трансформациялау керек. Жалпы алғанда жаңа құндылықтарды қалыптастыру керек.

Модернизацияны дәстүрлі қоғамдарға тану практикасы да бар. Бірақ, сонымен қатар мотивациясы мемлекеттен туатын модернизация да бар. Ол модернизациялануды қалайды және әлемдегі ең дамыған болып табылатын державаның экономикалық, саяси және мәдени үлгілеріне қабылдай бастайды. Аталмыш мемлекет өзінің құралдарымен өзін модернизациялауға ұмтылады. Бұл шын мәнінде қуып жетуші модернизация. Мәселен, кеңестік модернизация осындай болған

еді. Алайда, XX ғ. екінші жартысынан бастап капиталистік дүние кеңестік қуып жетуші модернизация бағыт алған деңгейден әлдеқайда алға озды.

Модернизация осы уақытқа дейін жүзеге асырылып келе жатқан формасында - *вестернделу мен американдану*. Ол модернизацияланатын елдерге тек қана ғылымды, техника мен технологияларды ғана емес, нарықтық қатынастарды олардың капиталистік формасында енгізеді. Осы ретте модернизацияның дәл осындай моделін жүзеге асыру қаншалықты фатальды және оның модернизацияны қабылдайтын ұлттық мәдениеттерге ықпалы қандай деген сұрақ туады. Әлде модернизацияның басқаша түрі бар ма? С. Хантингтон: «модернизацияның вестернизацияны білдіруі міндетті емес. Батыстық емес қоғамдар өздерінің төл мәдениеттерінен бас тартпай-ақ және барлық батыстық құндылықтарды, институттар мен практикалық тәжірибені түгелдей қабылдамай-ақ модернизациялана алады және оны жүзеге асырады да. Мұнда батыстық емес қоғамдар модернизациясы алдына қандай да кедергілер қойылғанымен, олар вестернизация алдына қойылған кедергілермен салыстырғанда түкке де тұрмайды» /10/ - дейді. Басқаша айтқанда көптеген дәстүрлі қоғамдар модернизацияға емес, олардың вестернделген және американданған формаларына қарсылық көрсетеді.

Сонымен бірге модернизация этникалық және ұлттық мәдениеттерге тек кері әсерін тигізетін ғана процесс емес. Жаһандасу деп аталатын процестің жөні мүлдем бөлек. Жаһандасу - мақсатты түрде басқарылатын процесс. Жаһандасу саясатының негізгі мақсаты - ғаламшарда қарқынды түрде азайып бара жатқан табиғи ресурстарды мейлінше тез өзіне иемдену. Алайда, бұл мақсатқа жету жолында ұлттық мемлекеттер мен ұлттық мәдениеттер тұр. Демек, жаһандасу саясаты табиғи-тарихи процесті күштеп өзгерту. Егер тарих XX ғ. екінші жартысында оған дейін дамығандай дами беретін болса, онда модернизацияланудың түрлі нұсқаларының мүмкіндігі туралы айтуға болар еді. Бірақ, тарих қалай дамыса, солай дами береді.

Жаһанданудың - жаһандасудан айырмашылығы, ол этникалық және ұлттық мәдениетке деструктивті түрде ықпал ете алмайды. Ол тек әр түрлі мәдениеттердің бұрынғы К. Маркс «адамзат қоғамының алдыңғы тарихы» деп аталған өткен замандарға қарағандағы, қазіргі кезеңдегі өзара әрекеттесуі мен ықпалдасуының қарқындылығын ғана көрсетеді. Ұлттық мемлекеттілік пен ұлттық мәдениетке жаһандасудың стратегиясы мен тактикасы мүлдем басқаша қарайды. Жаһандасу өз стратегиясын модернизацияның қатаң вестернделген (*американданған*) нұсқасы көмегімен, демек, нарықтық экономиканың капиталистік формасын енгізу арқылы жүзеге асырады. Ол барлық тәсілдермен дүние жүзін өркендеп дамитын мемлекеттер (*«алтын миллиард»*) мен тоңып-шашырауға ұшырайтын, этникалық және ұлттық мәдениетті сақтап қалудың кепілі болып табылатын периферияларға бөлуге кедергі болатын ұлттық мемлекеттіліктің негіздерін жоюға ұмтылады.

Бізге, қазақстандық ұлттық мемлекеттілікті ғана емес, этникалық және ұлттық мәдениетті сақтап қалу үшін мына мәселелерді жүзеге асыруымыз керек. Біріншіден, қазіргі заманғы Қазақстан территориясында тұратын этностардың мәдениетінің ең озықтарын жаңғыртып, жетілдіру, сонымен қатар акультурация процестерін қолдау мен мультикультурализмді қалыптастыру қажет. Екіншіден, акультурация мен мультикультурализм саясаты мен тәжірибесін тиімді түрде жүзеге асыру. Біздің

мемлекетте (*Қазақстан Республикасында*) барлық этностар мен барша халықты біріктіретін біртұтас рухани принциптің болуын қарастырады. Мұндай принцип ретінде еуразиялық немесе еуразия идеясы алынуы тиіс. Бірақ аталмыш идея жалаң ұран болмауы, тірі мазмұнға үнемі толы болуы үшін, ол полиэтникалық және поликонфессиялы мемлекеттің азаматтарында өзге этностардың өкілдеріне, олардың мәдениеттеріне, өзге де конфессияларға толерантты түрдегі қатынаста болатын дұрыс ұйымдастырылған және дұрыс жүзеге асырылатын тәрбиемен қамтамасыз етілуі тиіс. Осы толеранттылық жалпыадамзаттық құндылықтарға әкеледі. Осы кезектегі толеранттылықтың негізінде ғана аккумуляция мен мультикультурализмді жүзеге асыруға, сонымен қатар еуразиялық идеяны ұстануға мүмкіндік туады.

1. *Маркс К., Энгельс Ф.* Сочинения. Изд. 2-е. Т. 46. Ч. I. М., 1968. С. 47.
2. *Фридман Т.* Плоский мир: краткая история XXI века. М., 2006. С. 16.
3. *Хамидов А. А.* Проблема глобализации без альтернативы: глобализм или антиглобализм //Евразия. 2005. № 1. С. 25.
4. *Панарин А. С.* Искушение глобализмом. М., 2000. С. 15.
5. Многоликая глобализация. Культурное разнообразие в современном мире. М., 2004.
6. *Бородай Ю. М.* Эротика – смерть – табу: трагедия человеческого сознания. М., 1996. С. 316.
7. Там же. С. 319.
8. *Ойзерман Т. И.* Существуют ли универсалии культуры? //Вопросы философии. 1989. № 2. С. 51.
9. *Хантингтон С.* Столкновение цивилизаций. М., 2003. С. 94 – 95.
10. Там же. С. 112.

Г.С. Симуканова

Глобализация, глобализм и национальная культура

В статье исследуется история возникновения и развития феномена глобализации, раскрываются особенности между понятиями глобализация и глобализм. Также подробно определены три основных этапа глобализации и ее основные движущие силы. На конкретных примерах подняты актуальные вопросы влияния глобализации на национальную культуру. Особое внимание уделяется проблеме самоопределения Казахстана в глобализирующемся мире.

G.S. Simukhanova

Globalization, Globalism and National Culture

The paper investigates the origin and development of the phenomenon of globalization, the features disclosed between the concepts of globalization and globalism. The three major phases of globalization are defined in particular as well as its major directions. In the specific examples urgent issues of impact of globalization on national culture have been raised in the article. Particular attention is paid to self-determination of Kazakhstan in a globalizing world.